

осуществляется либо выбор конкретной профессии, либо выбор только ее ранга, профессиональной школы — социальный выбор. Ф.Р. Филиппов, также понимающий социальную ориентацию, самоопределение, как ориентацию на определенные виды труда, подчеркивает самостоятельную значимость этой ориентации для формирования жизненного плана.

Таким образом, проанализировав различные подходы к исследованию проблемы роли учителя в профессиональном самоопределении старшеклассников, мы пришли к выводу, что определение человеком себя в обществе как личности есть определение себя (самоопределение, занятие активной позиции) относительно социокультурных ценностей, и тем самым — определение смысла своего существования. Определение себя как личности — личностное самоопределение — имеет ценностно-смысловую природу. Ценности же задают ориентацию на будущее (об этом несколько подробнее — ниже).

В каждом возрасте у школьника наблюдаются свои личные ценности, так допустим в подростковом возрасте для детей, прежде всего важной вещью является общение со сверстниками, в юношеском возрасте школьники уже становятся серьезно относиться к своей будущей жизни и они подходят к самоопределению себя.

Успешное становление, развитие процесса профессионального самоопределения старшеклассников осуществляется под руководством учителя в условиях школьного образования.

Список литературы:

1. Основы духовной культуры (энциклопедический словарь педагога).— Екатеринбург. В.С. Безрукова. 2000.
2. Сухомлинский В.А. Советы взрослым и юношам. М.: 1987г., 2 том, стр. 453

ДЕНЕ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

*Есмаганбетов К.Ж.
Ы. ат. Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институтының студенті
Қонысбаев Қ.Б - гылыми жетекші,
дene мәдениеті және спорт
кафедрасының аға оқытуышысы*

Дене тәрбиесі - оқу пәні деңсаулықты сақтау мақсатымен қоса, адамның бойындағы барлық насиетін жетілдірудің негізгі құралы болып табылады. Демек, күнделікті тіршілікте мақсатына тек дені сау адам ғана жетеді, дені сау адам ғана елінің қамын ойлайды, халқына билігін жүргізе алады. Ал дене жағынан кемістігі бар адам халқына қызмет істей алмайды, еліне билік жүргізе алмайды. Себебі, дімкәс адам тек қайтсем деңсаулығымды түзеймін деген қағидамен отырады. Ондай адам халқының ойлап билік жүргізе алмайды. Мұндай басшылардан халқы жапа шегеді. Осыған ұқсас оқиға бізге тарихтан белгілі. Орыс философы А. Герцен «ауру басшыдан гөрі дені сау кора сыпырушы қоғамға әлдеқайда көп пайда әкеледі» деген. Сондықтан да, деңсаулығын сақтау әр оқушының жеке басының міндеті болмақ.

Дене тәрбиесі - дене шынықтыру мен спорт атты екі бағыттагы тармақтан тұрады. Дене шынықтырудың негізгі мақсаты дене тәрбиесінің бір бұтағы ретінде жалпы деңсаулықты қалыптастыру мақсатын көздейді. Дене шынықтырудың нақты мақсаты - адам баласының күнделікті тіршіліктегі қозғалысының пайдасын айқынрайды. Ересек адам орта есеппен тәулігіне міндетті түрде 2 сағат (саналы түрде орындалу керек) қозғалыста болуы керек. Мысалы ұлken фабрика, зауыттарда әрбір 2 сағат сайын 10-15 минуттік өндірістік

гимнастика еткізіледі. Себебі, айталық станокта тұрған жұмысшы күні бойы бір қалыпта тұрып жұмыс істейді. Сонда, денеге түсетін жүктеме күш (нагрузка) ұзақ уақыт бойында тек сол жұмыс істеп тұрған мүшеге түседі де ағзаның басқа мүшелері қозғалысыз қалады.

Демек, қозғалмаған ағзаның мүшесі үақыт өте келе ауруға шалдығуы мүмкін [1,22 б].

Кезіндегі грек ойшылы Аристотель: «Жанды дene қозғалмаса өлеңді» деген. Өзіне жасаған тәжірибесі: күнде белгілі бір уақыт аралығында бір қолымен батпан көтерген де, сол мезгілде екінші қолын денесіне байладап қойған. Сонда бір жылда батпан көтерген қолы қуаттанып жетілген де, жұмыс істемеген қолы солып қалған. Демек, міне, бұгінгі дene шынықтырудың ең негізгі нақтылы мақсаты адамның күнделікті 2 сағат бойы қозғалыста болып, дененің, жалпы барлық мүшесінің бірдей, бір қалыпты да дұрыс дамуына бақылау жасау. Бұл да әр жеке бастың өзінің міндегі болып табылады.

Сондықтан да, дene шынықтыру жаттығуларымен шұғылдану деген сөз - күнделікті тұрақты түрде жалпы дамыту жаттығуларымен шұғылдану деген сөз. Жалпы дамыту жаттығуларымен шұғылдануды, яғни, ұзақ өмір сүрейін деген адам жасы ұлғайса да жалғастыра береді. Негізінде жалпы дамыту жаттығулары әр түрлі аурудан емделу үшін де қолданылады. Бірақ, бұл жаттығудың ағзаның қай мүшесіне қаншалықты күш түсіретіндігін білу керек.

Денені шынықтыру жүйесінің негізі - қоршаған ортаны, табиғи денені дұрыс пайдалана білу. Бұл, табиғи денені пайдалана білу - ғылыми да білгірлікті талап ететін аса құрделі жүйе. Айталық, күнге қыздырынууды, суға түсініп, дем алуды пайдаланудың өзіндік қалыптасқан жүйесін білу әркімнің міндегі.

Бұл жүйе негізінен үш бағытта орындалады.

Бірінші - біртіндеп орындалу. Мысалы, алғашқы күн суға келіп түскенде аздал қана қыздырынуға болады. Ұзақ күнге қыздырынып жатып алуға болмайды, бұл іс ағза үшін аса қауіпті.

Екінші - қоршаған ортаны, табиғи денелерді үнемі үзбей пайдаланып отыру. Айталық, жаз мезгілінде суды, күнді қайдаланса, қыс мезгілінде таза ауада серуендереп, шаңғы тебуге болады.

Үшінші - денені шынықтыру жүйесі адамды жалықтырып жіберетіндей, үнемі бір ғана жаттығумен шұғылданбай жан-жанты даму жүйесі қолданылады. Тұрақты түрде таңертенгілік бой жазу жаттығуларын орындау, ұйықтар алдында серуендеу, жұмысина арнайы бір-екі рет далаға шығып дем алу, т.б. жүйелі жұмыс істеуге болады.

Спорт - дene тәрбиесінің бір бұтағы ретінде қаралады. Біз, жоғарыда дene шынықтыру - жалпы дамыту жаттығуларымен шұрылдану дедік. Ал спорт сол көп жаттығудың біреуімен ғана шұғылдану. Мәселен, жалпы дамыту жаттығуларымен шұғылданған адам аздал та болса жүгіреді, секіреді, тас лақтырды, батпан(гантель) көтереді, суда жүзеді, т.б. Демек, спортпен шұғылдану деген сөз, адамның кәсіби мамандығына айналды. Айталық, бір адам тек ең шұғылданады, енді біреулері волейболмен, баскетболмен айналысады.

Спорттың көрсеткіштерге жетеді, содан кәсібіне айналдырады. Бірақ спортпен шұғылдануға жету үшін ең әуелі жалпы дамыту жаттығуларымен шұғылдану әркімнің міндегі. Онсыз спорттық жетістікке жете алмайды. Мәселен, қаншалықты спорттың көрсеткішке жетсе де, үзбей таңертенгілік бой жазу жаттығуларын орында маса, ол адамнан жоғары дәрежелі спортшы шықпак емес [2,52 б].

Жаттығудың жекеленген түрімен, яғни, спортпен шұрылдану үшін адамның жас ерекшелігі ескеріледі. Спортпен шұғылданып, яғни, жоғары көрсеткішке жету үшін мүмкіндік болғанша бала жастан бастаған жөн. Себебі, ағзаның биологиялық құбылысы, әр адамның дene жағынан жетіліп қалыптасуы әр түрлі болғандықтан, спортпен шұғылдануды әр түрлі жастан бастауға болады. Жұзуді, гимнастика, акробатика, спорт ойындарымен 7-8 жастан бастаса, жекпе-жекті 10 жастан кейін бастауға болады.

Жалпы, спорттың қай түрімен шұғылдану әр адамның дene құрылышының бітіміне байланысты болады. Олай болатын себебі, бір ағза бар, дәл қазіргі акселерацияга байланысты биігінен еседі. Бұл дene әдетте күш-қуат жағынан әлсіздеу келеді.

Сондықтан мұндай адамға спорттың жеңілдеу түрлері десек, мысалы, жүгіру, спорт ойындарымен (футбол, волейбол, баскетбол, қол добы, т.б.) шұғылдануға болады. Екінші бір ағза бар, сүйек көлденеңін өсетін, бірақ бойы аласалау болады. Бұл дене күш-қуат жағынан мығымдау да қайратты болып келеді. Мұндай тұлғаға жекпе-жекпен, жүзумен, гимнастика, акробатикамен шұғылдануына болады. Себебі спорттың бұл түрлері басқаларға қарағанда күш-қуатты керек етеді. Спортпен шұғылдану жүйесі кезең- кезеңмен жалғасады. Бұның алғашқы кезеңі - дене шынықтыру дайындығы. Бұл кезең жаттықтырушының басшылық етуімен, спортпен шұғылдануды бастаған кезде алғашқы бірінші жыл және үш жыл бойына жалғасады. Бұл кезеңде спорттық дәрежеге жету жоқ.

Дене шынықтырудың дайындық кезеңі. Жалпы спортшылардың жоғары көрсеткішке жетуі негізінен жаттықтырушының қаншалықты білімділігіне және осы дене шынықтыру дайындық кезеңінен аса мүқият білгілікпен сауатты түрде өтуіне байланысты.[3,20 б].

Спортпен шұғылданудың екінші кезеңі — спорттық шеберлікті дамыту. Спортшы дене шынықтыру дайындығы кезеңінен өткеннен кейін, қаншалықты, қандай деңгейде дайындығы бар еkenі анықталғаннан кейін жаттықтырушының басшылығымен спорт аренасына шыға бастайды. Яғни, әр түрлі деңгейдегі (өзінің қаншалықты дайындығына байланысты) жарысқа қатыса бастайды. Осылайша, жоғары дәрежелі спортшылар тобын құрайды.

Спорттық жаттығу - педагогикалық процесс, әркімнің өзінің таңдал алған жаттығуымен шұғылдануын жетілдіру. Спортпен шұғылданғанда осы жаттығу жүйесі арқылы спорттық нәтижеге жету, яғни, атақты спортшы атану мақсатын көздейді.

Спортпен шұғылдану, яғни, жаттыру жүйесі оку-үйрену арқылы ғана қалыптасады, біліктілік жетіледі. Сондықтан да спортшы атану, спорттық жоғары көрсеткіштерге жету, негізінен педагог-жаттықтырушыға байланысты болады. Демек, ең әуелі жаттықтырушының өзі спорттың осы түрінен мамандығы және арнаулы білімі болуы керек. Сонда ғана ынталысы бар жас жеткіншектерді тәрбиелей алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә «Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасы 2009.
2. Қ.Р. үздіксіз білім беру жүйесінде “Салауатты, денсаулықты сақтау бағдарламасы бойынша салауатты өмір салтын қалыптастыру” тұжырымдамасы. – Валеология, дене тәрбиесі, 2003. №1.
3. Брусиловский М.В. Қазақстандағы дене тәрбиесі және спорт очерктері - А2001.

Д.Б.КАБАЛЕВСКИЙДІҢ МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ДАМУЫНА КОСҚАН ҮЛЕСІ

**Әмирғали П. Ж.
Тарих және онер факультеті,
музыкалық білім
мамандығының 3-курс студенті
Дик Ф.Б. ҚМПИ,
Онер кафедрасының ага оқытушысы**

Д.Б. Кабалевскийдің музыкалық білім беру тұжырымдамасы, «Музыка» пәнінің жаңа бағдарламасы, Ш.Б. Құлмановың пайымдауынша, музыкалық білім берудің мазмұны мен құрылымында ұлттық ерекшелікті, ұлттық музыкалық ерекшелікті, ұлттық музыка өнерінің аса бай қазынасын ескеруге жол ашты.

Д.Б. Кабалевский бағдарламасының келесі ерекшелігі репертуарға енген музыкалық шығармалардың көбі тындауға, әрі орындауға арналғандығы және нота сауатын игерту болып есептелінді. Ш.Б. Құлманова атап өткендей, аталған бағдарламаның бірегей